

## БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

## Мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмірдің кілті

ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.10.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/19160/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Жалғасбаева Асылай

## Мақсаты:

- Оқушыларға өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, кәсіп таңдау мәдениетін қалыптастыру.

## Күтілетін нәтиже:

- Қазіргі заманғы еңбек нарғының талаптарын түсіндіру.
- Оқушылардың өз мамандықтарын таңдауда қателеспеуіне бағыт- бағдар беру.

## Пайдаланылған ресурстар:

Флипчарт қағаздары, стикерлер, түрлі - түсті маркерлер, қаламдар, суреттер, слайдтар

## Өтілу барысы:

## Жүргізуші:

## I. Ұйымдастыру

-Құрметті оқушылар, қадірменді қонақтар! Бүгінгі күні 9 - сынып оқушыларына кәсіби бағыт — бағдар беру мақсатында ұйымдастырылған «Мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмірдің кілті» тақырыбындағы сынып сағатына қошқелдіңіздер!

Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы -  
адам еңбекке қабілетті,  
зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды,  
бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өзісінен сенімді,  
дұрыс таңдағана адамға жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуанышынта бола білсе,

бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зорықылса, шабыт пен істегеніс – табыс биігіне жеткізетін қанат. «Неге арналсаң, соны істе» деп, Абай атамыз айтқандай, қашанда адам өмірден орнын өз таңдауымен тапқан жөн. Осындай ниет пен шәкірттеріміздің болашағына сәттілік тілей отырып, бүгінгі сынып сағатымызды бастау үшін, оқушыларымызды топқа бөлінуге ортаға шақырамын. Сіздердің алдарыңызда бірнеше мамандық түрлері жазылған бетшелер жатыр. Осы бетшелерді алып, сіздерге ұсынылып отырған мамандық саласына барып отыруларыңыз сұралады.

(Үстел үстінде «Өнер саласы», «Білім және ғылым саласы», «Құқық және заң саласы» бойынша мамандықтардың атауы жазылған бетшелер жатады)

### **Жүргізуші:**

Ендеше оқушылар топ ережесімен танысып алайық.

1. Көтеріңкі көңіл-күй.
2. Достық қарым-қатынасты сақтау.
3. Ұжымда бірлесіп жұмыс жасаймыз.
4. Бір-біріміздің пікірімізді тыңдау.
5. Берілген уақытқа бағыну.

### **Жүргізуші:**

Әсемпаз болма әрнеге  
Өнерпаз болсаң арқалан  
Сен де бір кірпіш дүниеге  
Тетігін тап та, бар қалан!- деген Абай сөзі бүгінгі отырған сіздер мен біздерге терең ой салса керек. Құрметі оқушылар, әрі қарай сіздерге бағыт – бағдар сілтейтін Бағдарбек бүгін бізге қонаққа келген болатын. Олай болса Бағдарбекті ортаға шақырамыз.

### **Бағдарбек сөзі:**

Болу үшін сірә адам,  
Отқа да салып сынаған  
Еркелікті көтермес,  
Өмірдің жолы бұралаң.  
Өткеріп аяз – ақпанын  
Көресің шуақ шақтарын.  
Жануы бақтың – өмірден  
Өз орныңды тапқаның.  
Сол жолда талмай самғарсың,  
Кездесе де, қандай сын?  
Тірлікте мынау кәсіп көп

Қайсысын қане таңдайсың?

Ақыл – ойың көк теңіз

Талабыңды қостасын

Түсіндіріп өтейін

Мамандықтың көш басын

Құлағында ойнаған,

Тіліп бұлттың ұлтанын.

Зеңгір көкке бойлаған,

Ұшқыш болғың келе ме?

Айлап, жылдап түн қатып,

Сапар шегер алысқа.

Толқындарды тулатып

Шағаламен жарысқан

Капитан бол кемеге!

Көшет егіп жекелеп

Гүлдендіріп бар маңын.

Нәрестедей мәпелеп

Мәуелеткен бау – бағын

Бағбан болғың келе ме?

Әлдилесе шалқарлы ән,

Буынсыз, мың бұралған.

Шара апайдай майталман

Биші болғың келе ме?

Қалап көңіл ауаны

Талап оны қолдаса.

Кәсіптің жоқ жаманы

Нашар маман болмаса!

**Жүргізуші:** Сіздерге өз мамандықтары жайлы өз пікірлерін білдіріп, ақыл – кеңестерімен бөліскен Бағдарбекке алғысымыз шексіз. Сау болыңыз!

Сынып сағатымызды одан әрі жалғасақ. Келесі кезеңіміз:

### 1. **Ой қозғау.**

— Батыр бабамыздың мынадай қанатты сөзі бар екен. «Тілекке еңбек тірек болмаса, ойға шомылып қырдан аса алмайсың».

— Сұрақ: Осы қанатты сөзді кім қалай түсінеді.

Жауаптарыңызға рахмет.

Олай болса алдымен оқушылар «Мамандық дегеніміз не?» деген сұрақтың анықтамасын біліп алайықшы. (Әр топтан 1 оқушыдан сұраққа нақты, толық жауап беру

қажет)

### **Жүргізуші:**

Дұрыс айтасыздар оқушылар. Профессия- мамандық дегенді білдіреді. Мамандық- қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Мамандық таңдау- тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау...

### **Жүргізуші:**

### **III. Топтастыру.**

Осы айтылғандардан мынадай ой туындайды. Мамандық таңдау үшін адам өзіне қандай сұрақ қоюы керек ? (Топтарға «Мен» сөзіне өз ойларын топтастыру ұсынылады.)

**IV. Олай болса «Білеміз бе ?»** деген тақырыпта мына мамандықтардың қайсысынан хабарымыз бар екен соған назар аударайық.

1. «Өнер саласы» тобына.

Қазіргі уақытта ең көп сұранысқа ие мамандықтар?

2. «Құқық қорғау және заң» тобына.

XX ғасырда пайда болған мамандықтар ?

3. «Білім және гуманитарлық ғылымдар саласы» тобына.

Соңғы 10 жылдықта пайда болған мамандықтарды атаңдар ?

#### **1. Жағдаяттық сұрақтар :**

2. Сен өзіңе ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен ол кезде не істер едің?
  2. Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. сен ата-анаңның шешіміне қарсы боласың ба?
3. Өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз, ойландыратын жағдай болды ма? Болса не істер едіңіз?

### **VI. Қорытынды :**

Ендеше оқушылар бүгінгі сынып сағатымызды қорытындылай келе «Мамандық таңдағанда неге көңіл бөлу керек ?» — деген сұраққа барлықтарыңыз өз

жауаптарыңызды қысқаша және түсінікті түрде жеткізсеңіздер.

### **VIII. Рефлексия .**

1. Мен бүгін өзім үшін көп нәрсе ұғындым дегендер.
2. Маған қызықты болды дегендер.

Бұл сабақ менің мамандық таңдауыма бағыт-бағдар берді деп ойлайтындар

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.